

Қытайлық миллионерлер Қазақстанда? Туристерді баурап алған Қазақстанның тылсым жерлері.

Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы аясында елімізге әлеуметтік желіде миллиондаған аудиториясы бар танымал қытайлық блогерлер келді. Kazakh Tourism ұлттық компаниясы 28 мамыр – 1 маусым аралығында Aq niel Group және өзге де серіктестермен бірге Қазақстанға арнайы келген меймандарға Алматы және Астана қалаларында, сондай-ақ Іле-Алатауы, Шарын және Бурабай ұлттық парктеріне ақпараттық тур ұйымдастырды.

- деп мәлімдейді ҚР Туризм және спорт министрлігі. Қазақстанның табиғаты қытайлықтарды несімен таң қалдыра білді ?



Қазақстан – шалқыған жайлау , жазық дала сығырлай аққан бұлақтар , шұрайлы жері мен шөбі шүйгін кең байтақ өлкеге бай , адам сенгісіз табиғи сұлулық ұсынатын ел. Қазақстан туристер үшін көшпелі мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарымен ерекшеленеді. Соңғы уақытта бүкіл әлемде Қазақстанға туристік қызығушылық айтарлықтай артты. Ең көп туристер ағыны Германия, Ұлыбритания, Жапония, Корея, Қытай және басқа елдерден келеді.

Ерекшелігі , біздің керегесі кең байтақ елімізде барлығын табуға мүмкіндік бар. Мысалы , әртүрлі жан-жануарлар мен ерекше өсімдік түрлеріне толы ормандар , көлдер, биік тау шыңдары , суы мөлдір бұлақтар. Сондай-ақ , халқымыздың сырға толы тарихы мен елімізде сақталған терең мағынаға толы тарихи ескерткіштер мен ерекше археологиялық орындары кез-келген адамның көз жауын алары сөзсіз.

Қазақстандағы кесенелер

Соңғы жылдары елімізде туризм саласының қарқынды дамып жатқандығы байқалады. Себебі , туризм саласын дамыту мақсатында елімізде бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ : көптеген ескірген жерлер қалпына келтірілді , жаңа көрмелер мен мұражайлардың ірге тасы қаланды. Еліміздің тарихи ескерткіштері, оның ішінде төрт мың жылдық тарихы бар Таңбалы кешеніндегі петроглифтер, Қойнауы құпияға толы Ақыртас сарай кешені, Маңғыстау жартас мешіттері, Жошы хан, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі , Тамғалы-тас жартас суреттері келетін туристердің қызығушылығын тудыруда. Ерекшелігі , бұл сәулет өнерлері сонау ғасырлар бойы сақталып тұрғандықтан, тіпті құрылыс материалдарының соншалықты жоғары сапада болғандығын байқауға болады .




Қазақстандағы өзендер

Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар. Жалпы өзендер екі су алабына бөлінген : 1) Солтүстік Мұзды мұхит алабы, 2) ішкі ағынсыз көлдер алабы.

Солтүстік Мұзды мұхит алабындағы жерлерде су ағыны әр уақытта да тұрақты болып келеді.

Ал ішкі ағынсыз көлдердің ең ірілері — Арал және Каспий теңіздері , сонымен қатар Балқаш көлі де бұл тізімге жатады.



Болашаққа жоспар

Бурабай ауданындағы «Discovery Воровое» қонақ үйінде ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Ақмола облысының бизнес-қоғамдастығымен кездесу өткізіп, жазғы туристік маусымға дайындығын талқылады.

«Қаржыландырылған жобалардың нәтижесін қарайтын болсақ, дұрыс бағытта келе жатқанымызға көз жеткізуге болады. Бұл шаралар өңірдің одан әрі өсіп-өркендеуіне оң әсер ететініне сенімдін», - деді ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.